



**ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ**

№ 026 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

2003 жылғы 4 қараша

Халықаралық резервтер және ақша базасы туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің халықаралық резервтері (Ұлттық Қордың ақшасын ескермей) және ақша базасы 2003 жылғы қазанда мынадай болды:

	Ағымдағы бағамен	Тұрақты бағамен*
Таза халықаралық резервтер, млн.долл.	4747,1	4674,9
оның ішінде		
ЕАВ таза активтер**	4083,9	4083,9
Алтын	663,2	591,0
Ақша базасы, млрд. теңге	294,1	294,1
KZT/USD (кезең аяғында)	148,03	155,85
Алтынның бағасы (1 трой унциясы үшін USD-мен)	384,60	342,75

* теңгенің АҚШ долларына бағамы және алтын 2002 жылдың аяғындағы бағамен көрсетілген

** ЕАВ-мен таза активтер – бұл ЕАВ-ғы жалпы активтер мен міндеттемелер арасындағы айырмашылық

2003 жылғы қазанда Ұлттық Банктің халықаралық резервтері Ұлттық қорға валюта есептеу есебінен төмендеді.

Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтердің ағымдағы бағасы 3,6%-ке (немесе 176,0 млн.долл.) төмендеді. Ұлттық қор активтерін толықтыру мақсатында Қаржы министрлігінің сыртқы борышына қызмет көрсету және 283,8 млн. долларға валюта сату ішкі валюта рыногында Ұлттық Банк операцияларымен ішінара бейтараптандырылды, бұл таза валюта қорларының (ЕАВ) 179,3 млн. долларға төмендеуіне әкелді. Алтынмен активтер Ұлттық Банк жүргізген операциялар және оның әлемдік рыноктардағы бағасының 0,03%-ке көбеюі нәтижесінде 3,2 млн. долларға өсті.

Тұрақты бағамен Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері 3,6%-ке төмендеді, ЕАВ-мен таза активтер – 4,2%-ке, алтынмен активтер – 0,5%-ке көбейді.

Елдің халықаралық резервтері жалпы алғанда (ағымдағы бағамен) яғни, Ұлттық Қордың ақшасын (алдын-ала деректер бойынша – 3083,6 млн. долл.) қоса алғанда 7837,0 млн. долл. болды. Өткен айға өсімі – 1,7 % болды.

2003 жылғы қазан айында Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтерінің төмендеуі ақша базасының 0,1%-ке (немесе 334,5 млрд. теңгеге) тарылуына себепші болды.